

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы азаматтық істер жөніндегі құқықтық көмек туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 31 қазандағы N 180

1995 жылғы 13 маусымда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы азаматтық істер жөніндегі құқықтық көмек туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы
арасындағы азаматтық істер жөніндегі құқықтық
көмек туралы
ШАРТ

ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 6, 57-құжат.
1999 жылғы 2 қазанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 86 бет

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы (бұдан әрі
"Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын),

егемендікті, теңдікті өзара құрметтеу және өзара пайданың
негізінде құқықтық саладағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету
мақсатында, осымен Азаматтық істер жөніндегі құқықтық көмек туралы
шартты жасасу туралы шешім қабылдады.

Осы мақсатпен екі Уағдаласушы Тарап төмендегілер жайында
келісімге келді:

I-БӨЛІМ
Жалпы ережелер
1-Бап
Құқықтық қорғау

Бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында

екінші Уағдаласушы Тараптың өзінің азаматтарына жасағанындай құқықтық көмекті пайдаланатын болады, сот ісін бастауға немесе тиісті өтініштерін екінші Уағдаласушы Тараптың сот өкімет орындарына беруге құқықты, олар азаматтық істерді өздерінің азаматтары үшін жасалған жағдайларда олардың тиісті ұлттық заңдарына сәйкес қ а р а й т ы н б о л а д ы .

2 - Б а п Құқықтық көмек арналары

Екі Уағдаласушы Тарап осы Шартқа сәйкес бір-біріне құқықтық көмек көрсету үшін, бұған 11-Бапқа сәйкес қабылданған іс-шараларды қоспағанда, өкімет органдарын т а ғ а й ы н д а й д ы .

Қазақстан Республикасы тарапынан Орталық өкімет органы Әділет министрлігі болып табылады. Түркия Республикасы тарапынан Орталық өкімет орны Әділет министрлігі б о л ы п т а б ы л а д ы .

3 - Б а п Т і л

1. Екі Уағдаласушы Тараптың Орталық өкімет орындарының арасындағы хат-хабар алысуда олардың ағылшын және орыс тілдеріне аудармасы бар тілдері қолданылатын б о л а д ы .

2. Құқықтық көмек сұраған жазбаша өтініштер мен оларға қосымшалар өтініш жасаушы Уағдаласушы Тараптың ресми тілінде олардың куәландырылған аудармалары қоса берілген, сұрап отырған Уағдаласушы Тараптың ресми тілінде немесе ағылшын не болмаса орыс тілдерінде жасалатын болады. Осы құжаттардың бәрі екі данада ж а с а л а д ы .

4 - Б а п Құқықтық көмектің бағасы

Екі Уағдаласушы Тарап осы Шартпен қамтамасыз етілетін шамада, бұған сарапшылардың сыйақыларын қоспағанда, бір-біріне тегін құқықтық көмек көрсететін болады. Сарапшыларға сыйақы сұратып отырған Уағдаласушы Тараптың ережелері мен нұсқаулықтары бойынша белгіленетін болады.

5-Бап

Құқықтық көмектен бас тарту

Егер Уағдаласушы Тараптың біреуі құқықтық көмектің берілуін оның мемлекеттік егемендігіне, қауіпсіздігіне немесе қоғамдық тәртібіне залалын тигізеді деп танитын болса, ол сұралып отырған екінші Уағдаласушы Тараптың беретін құқықтық көмегінен бас тарта алады. Қалай болғанда да ол екінші Уағдаласушы Тарапқа бас тартуының себебін жазбаша түрде хабарлайды.

6-Бап

Құқықтық көмек көрсету кезінде қолданылған заңдар

Құқықтық көмек көрсету кезінде Уағдаласушы Тараптар өздерінің тиісті ұлттық заңдарын қолданатын болады. Бір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың процедуралық ережелерін соңғының өтініші бойынша, егерде оның негізгі заңды принциптері бұзылмайтын болса, қолдана алады.

7-Бап

Заң мәселелері мен нұсқаулықтар жөнінде
ақпаратпен алмасу

Уағдаласушы Тараптар өзаралық өтініш бойынша олардың мемлекеттеріндегі күші бар немесе күшінде болған заңдар мен нұсқаулықтар туралы, сондай-ақ олардың сот практикасында қолданылғаны жайында бір-біріне мәлімдеуге тиіс.

8-Бап

Ресмилендірілуден босатылу

Бір Уағдаласушы Тараптың құзырлы органдары жасаған немесе куәландырған құжаттары екінші Уағдаласушы Тарап соттарының алдында қолданылу үшін ресмилендірілуге, егер оларға тиісті түрде қол қойылған және ресми түрде мөрмен куәландырылған болса, жатпайды.

9-Бап

Құжаттардың дәлелдеу күші

Уағдаласушы Тараптардың бірінің ресми органдары берген құжаттары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында да сондай дәлелдеу күшіне ие болады.

10-Бап

Қиыншылықтарды реттеу

Осы Шартты орындау немесе түсіндіру барысында пайда болған кез келген қиыншылықтар дипломатиялық арналар арқылы қарастырылады.

11-Бап

Дипломатиялық немесе консулдық органдардың
құжаттарды атқаруы және куәлік жауаптар алуы

Кез келген Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың заңдары бұзылмайтын және ешқандай күштеу шаралары қолданылмайтын жағдайларда өзінің дипломатиялық немесе консулдық органдары арқылы екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында құжаттарды атқарып, өз азаматтарынан куәлік жауаптар ала алады.

II ТАРАУ

Азаматтық істер жөніндегі құқықтық көмек

1-Бөлім

12-Бап

Құқықтық көмектің түрлері

Осы Шартқа сәйкес Уағдаласушы Тараптар біріне бірі мынадай құқықтық көмек көрсетеді:

1. Екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында мүдделі тұлғалар жөнінде құқықтық құжаттар беру және атқару.
2. Жазбаша сұрау салу арқылы куәлік жауаптар алу.
3. Соттар мен төрелік сот органдарының шешімдерін мойындау және атқару.
4. Осы Шарт арқылы қамтамасыз етілетін басқа да көмек.

13-Бап

Құқықтық көмек сұрау

1. Құқықтық көмек туралы өтініш жазбаша сұрау нысанында жазылады. Бұл хаттарда мыналар қамтылады:

- а) сұрау салушы және сұрау салынып отырған органдардың атаулары;
- б) сот ісін жүргізудің сипаты және оқиғалардың қысқаша баяндалуы, одан әрі жауап алынатын адамдарға берілетін сұрақтар;
- в) заңды тұлғалардың аты, жынысы, жасы, ұлты, кәсібі, тұрақты мекенжайы немесе тұратын жері немесе жүрген жері;
- г) атқаруға арналған құқықтық акт;
- д) жауап алынатын адамдардың аттары мен мекенжайлары;
- е) зерттелуге тиіс құжаттар немесе басқа заттар;
- ж) сұрау салуды атқару үшін қажет басқа құжаттар.

2. Жоғарыда аталған жазбаша сұраулар мен қоса тіркелген құжаттарға қол қойылады және олар сұрау салушы органның мөрімен куәландырылады.

14-Бап

Сот шығындарынан босату

Бір Уағдаласушы Тараптың сот өкімет орындары екінші Уағдаласушы Тараптың құқықтық көмек сұраған азаматтарынан олардың шет елдік болуы немесе екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын жері болмауы негізінде ғана қандай да бір кепілдік міндеттемелер және/немесе кепіл талап етпейді.

Бұл ереже құқықтық көмек сұралғанда талап етілетін кез келген басқа төлемге қолданылады.

15-Бап

Сот шығындары

Бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында сот ісін жүргізу шығындарын оның өз азаматтары сияқты жағдайлар мен мөлшерде төлейді.

16-Бап

Заңды тұлғалар

1, 14, 15-Баптардың ережелері сондай-ақ Уағдаласушы Тараптардың бірінің заңдары мен нұсқауларына сәйкес құрылған заңды тұлғаларға да қолданылады.

17-Бап

Құқықтық көмек және сот шығындарынан босату

Бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында, өз азаматтары жөнінде қабылданғанындай, сот ісін жүргізу шығындарынан босатуды немесе құқықтық көмек көрсетуді сұрап өтініш білдіре алады. Сот ісін жүргізу шығындарынан босату туралы шағым жасалған немесе құқықтық көмек көрсетуді сұрап өтініш білдірілген

жағдайда өтініш иесі тұрақты немесе уақытша тұрып жатқан жердегі құзыретті органдар анықтама беруге тиіс; егер Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің аумағында өтініш иесінің тұрақты немесе уақытша тұратын жері болмаса, анықтаманы оның елінің дипломатиялық немесе консулдық органдары бере алады.

2-БӨЛІМ

Құжаттарды атқару және куәлік жауаптарды жинау

18-Бап

Қамту

Уағдаласушы Тараптар өтініш бойынша бірі үшін екіншісі құжаттарды атқарып, куәлік жауаптар жинайды:

1. Құжаттарды атқару сот құжаттарын және соттан тыс құжаттарды атқару деген мағынаны білдіреді;

2. Куәлік жауаптарды жинау азаматтық және коммерциялық рәсімдерге қатысты жауаптар алу мақсатымен тараптардан, куәлерден және сарапшылардан жауап алуды, сарапшы бағалауы мен сот тексеруін жүргізуді қамтиды.

19-Бап

Сұрау салуларды атқару

1. Егер сұрау салынып отырған орган өзін сұрау салуларды атқаруға құзіретті емеспін деп есептейтін болса, ол сұрау салуларды атқаруға өкілеттігі бар құзыретті органдарға беруге және бұл туралы сұрау салушы Уағдаласушы Тарапты хабардар е т у г е т и і с .

2. Егер Уағдаласушы Тараптың сұрау салынып отырған құзыретті органдары жазбаша өтініште көрсетілген мекенжайға сәйкес сұрау салуды атқара алмайтын болса, олар мекенжайды анықтау және сұрау салуларды атқару жөнінде тиісті шаралар қолданады. Олар сұрау салушы Уағдаласушы Тараптан қажетті қосымша ақпарат сұрай а л а д ы .

3. Егер сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тарап мекенжайларды анықтаудың мүмкін еместігінен немесе басқа себептер бойынша сұрау салуды атқара алмайтын болса, ол сұрау салушы Уағдаласушы Тарапты сұрау салуды атқарудың мүмкін еместігінің себептері туралы хабардар етеді және барлық қажетті құжаттарды соңғыға қ а й т а р а д ы .

20 - Б а п

Орындау нәтижелері туралы хабарлау

1. Уағдаласушы Тараптың сауал қойылған құзырлы органдары

2-бапта көрсетілген жолдар бойынша, сауалдың орындалу нәтижелері туралы сауал қоюшы Уағдаласушы Тарапқа жазбаша түрде хабарлайды. Бұндай хабарлауға қоса табылған дәлелдердің материалдары немесе қолхат беріледі.

2. Қолхатта мекенжайлардың қолдары және алынған күні, орындаған органның мөрі мен орындаған лауазымды адамның қолы, орындалу әдісі мен орындалған жері, егер алушы құжаттарды қабылдаудан бас тартса, алудан бас тартудың себептері көрсетіледі.

III ТАРАУ

Шешімдерді мойындау және орындау

21-Бап

Мойындауға және орындауға жататын шешімдер

1. Осы Шарттың төменде көрсетілген шарттары бойынша, Уағдаласушы Тараптың бірі өз аумағында мыналарды мойындайды және орындайды:

- а) соттардың азаматтық істер бойынша қабылданған шешімдері;
 - б) қылмыстық істер бойынша зиянның орнын толтыру туралы сот шешімдері;
 - в) Уағдаласушы басқа Тараптың төрелік органдарының шешімдері;
2. Осы Шартта аталатын "шешімдерге" соттар шығарған келістіруші шешімдер де кіреді.

22-Бап

Мойындау және орындау туралы өтініш

1. Шешімдерді мойындау және орындау туралы өтініш сауал қойылған Уағдаласушы Тараптың құзырлы сотына тікелей жіберіледі.

2. Өтінішке мыналар қос берілуі тиіс:

- а) шешімнің түпнұсқаға сәйкес көшірмесі. Шешімнің өзінен тиімділігі мен орындалуы түсініксіз болған жағдайда құзырлы органдар беретін анықтама көшірмеге қоса берілуі тиіс;
- б) сотқа келмеген ұтылған Тараптың ол жерге заңды түрде шақырылғанын және оның құқық қабілеттілігі болмаған жағдайда, оның ол жерде тиісті дәрежеде ұсынылғанын көрсететін анықтама;
- в) төрелік шешімді мойындау және орындау жөнінде айтылған жағдайда төрелік қараудың юрисдикцияға ұсынылғандығы туралы төрелік шешімнің көшірмесі.

23-Бап

Мойындаудан және орындаудан бас тарту

21-бапта аталып өткен шешімдерді сауал қойылған соттар мына жағдайларда мойындамайды және орындамайды:

1. Егер шешімдер сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес заңды түрде орындала алмайтын болса.

2. Егер сауал қойылған Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың құқықтық органының аталған іс бойынша құзыры жоқ

3. Егер шешім қабылдайтын Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес, істі жүргізуге қатыспаған сотта ұтылған Тарап ол жерге тиісті түрде шақырылмаған болса немесе қорғау құқығынан немесе оның құқық қабілеттілігі болмаған жағдайда тиісті өкілдікке құқығынан

айырылған болса.

4. Егер сот процесіне қатысты сауал қойылған Уағдаласушы Тараптың төрелік органдары немесе соттары сол белгілі бір тараптар, сол белгілі бір іс бойынша соңғы шешім қабылдаған болса, немесе ол істі қарап жатқан болса немесе бұл сол процесі бойынша үшінші бір мемлекет қабылдаған соңғы шешімді мойындаған болса.

24-Бап

Мойындау мен орындау ережелері

1. Шешімді мойындау және орындау мәселесі сауал қойылған Уағдаласушы Тараптың соттары арқылы оның ұлттық заңдарына сәйкес шешіледі.

2. Сауал қойылған сот осы Шарттың ережелерінде айтылған шарттар орындалған жағдайда тек қарап тексерумен шектеледі.

25-Бап

Мойындау мен орындаудың заңдық күші

Бір Уағдаласушы Тараптың құқықтық органдары қабылдаған, екінші Уағдаласушы Тараптың соттары мойындаған және орындаған шешімінің күші, соңғы жақтың соттары қабылдаған шешімдердің күшімен бірдей болады.

26-Бап

Төрелік органдардың шешімдерін мойындау және орындау

Төрелік шешімдер, егер осы Тауардың 3-бөлімінде айтылған ережелерге қосымша мына шарттар орындалған жағдайда мойындалады және орындалады:

1. Егер сауал қойылған Уағдаласушы Тараптың заңына сәйкес,

төрелік шешім коммерциялық даулар жөніндегі қабылданған төрелік шешімдердің шеңберінде қалып қойса.

2. Егер төрелік шешім мүдделі жақтардың жазбаша жасалған төрелік келісімі негізінде немесе жаңа жағдайлардан туындап отырған құқықтық дауларға байланысты қабылданса, және егер төрелік шешім төрелік келісімде көзделген міндеттерге қатысты қабылданған болса;

3. Егер сауал қойылған Уағдаласушы Тараптың заңына сәйкес осы баптың 2-тармағында көрсетілген келісім өз күшінде болса.

27-Бап

Бағалы заттарды экспортқа шығару және
ақша қаражатын аудару

Шешімдерді орындауға қатысты бұл Шарттағы Ереже Уағдаласушы екі Тараптың ақша қаражаттарын аударуға және бағалы заттарды экспортқа шығаруға байланысты заңдары мен нұсқауларын бұзбауға тиіс.

28-Бап

Куәгер мен сарапшының келуі

1. Егер сауал қойылған Уағдаласушы Тарап куәгерді немесе сарапшыны өз құқықтық органдарының алдына келтіруді маңызды деп ескермесе, ол бұл жөнінде сотқа шақыру қағазында өтініш жасайды, ал сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап куәгерді немесе сарапшыны шақыртып алады.

2. Сотқа шақыру туралы өтініштер сауал қойылған Уағдаласушы

Тарапқа, құқықтық органдардың алдына шақырылатын адамдардың келу мерзімі белгіленгенге дейін кем дегенде екі ай бұрын жіберіледі.

3. Сауал қойылған Уағдаласушы Тарап сауал қоюшы Уағдаласушы Тарапқа куәгердің немесе сарапшының жауабын хабарлайды. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайда сауал немесе сот шақыру қағазында шамамен ақы мөлшері, сондай-ақ іс сапар мен жатын орнының шығындары көрсетілуге тиіс.

29-Бап

Куәгер мен сарапшының шығындары

Жатын орны мен тамақтануды, сондай-ақ іс сапар шығындарын қоса алғанда сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың куәгерге немесе сарапшыға төлеуге арналған ақша қаражаты, істі тыңдау өткізілетін елде қолданылатын мөлшерге сәйкес және сонда көзделген тәртіп бойынша төленуге тиіс.

30-Бап

Куәгер мен сарапшыны қорғау

1. Сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың құқықтық органдарының алдында сотқа шақыру бойынша келген куәгер немесе сарапшы, олардың қай ұлтқа жататындығына қарамастан, сауал қойылған Уағдаласушы Тарап тарапынан, ол шыққанға дейін өз

жерінде жасаған құқық бұзғаны, куә ретінде жауап бергені немесе сарапшылық баға бергені үшін тергеу болмауға тиіс.

2. Құқықтық органдар оған ендігі жерде оның қатысуы міндетті емес деп ескерткен мерзімнен кейін он бес күн өткенше, егер олар сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың аумағынан әлі кете қоймаған жағдайда, осы баптың 1-тармағында көзделгеніндей, куәгер немесе

сарапшы қорғаудан тыс қамауға тиіс. Алайда бұл кезеңге, куәгер немесе сарапшы өзіне қатыссыз себептермен сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың аумағынан кете алмай отырған уақытты қосуға болмайды.

3. Куәгерлік жауап немесе сарапшылық баға беруге шақырылған адамға қандай да бір күштеу шараларын қолдануға болмайды.

IV ТАРАУ

Қорытынды ережелер

31-Бап

Бекітілуі және күшіне енуі

Бұл Шарт бекітуге жатады. Бекіту грамоталарымен алмасу Анкарада өтеді. Бұл Шарт бекіту грамоталарымен алмасудың кейін 30 күн өткен соң күшіне енеді.

32-Бап

Тоқтатылуы

Бұл Шарт кез келген Уағдаласушы Тарап дипломатиялық арналар арқылы осы Шарттың күші жойылғаны туралы жазбаша хабарлаған күннен кейін алты ай өткенге дейін күшінде болады. Бұндай болмаған жағдайда бұл Шарт өз күшінде қалады.

Алматыда 1995 жылғы 13 маусымда әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі дана болып жасалды, барлық мәтіндер түпнұсқаға сәйкес. Қайшылықтар болған жағдайда, ағылшын тіліндегі текст басым болады.

Осының дәлелі ретінде Уағдаласушы Тараптардың өкілетті өкілдері осы Шартқа қол қойды.

Қазақстан Республикасы

үшін

Түркия Республикасы

үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК